

Джамбул көшесінің атауындағы транскрипцияны өзгерту туралы

Бірлескен Қарағанды облысы Саран қаласының әкімдігінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі N 101 қаулысы және Қарағанды облысы Саран қаласының мәслихатының 28 сессиясының 2010 жылғы 15 шілдедегі N 455 шешімі. Қарағанды облысы Саран қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 тамызда N 8-7-110 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, ономастикалық комиссияның материалдарын қарап, Саран қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Саран қалалық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. "Джамбул" көшесінің атауындағы транскрипция "Жамбыл" болып өзгертілсін.
2. Осы Саран қаласы әкімдігі қаулысының және Саран қалалық мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау қалалық мәслихатының азаматтардың құқықтарын қорғау, заңдылығы, құқық тәртібі және әлеуметтік саланы дамыту жөніндегі тұрақты комиссияға, Саран қаласы әкімінің орынбасарлары Г.С. Беделбаеваға, М.М. Қожықовқа ж ү к т е л с і н .
3. Осы қаулы және шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен соң күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Саран қаласының әкімі

В. Иванов

Сессия төрағасы

Е. Туркавский

Мәслихат хатшысы

Р. Бекбанов